

Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне стандарттау және сертификаттау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 10 маусымдағы N 432-ІІ Заңы

1-бап. Қазақстан Республикасының мына заң актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. "Стандарттау туралы" 1999 жылғы 16 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1999 ж., N 20, 724-құжат):

1) Заңның бүкіл мәтіні бойынша "уәкілетті мемлекеттік орган", "уәкілетті мемлекеттік органның", "уәкілетті мемлекеттік органды", "уәкілетті мемлекеттік органға" деген сөздер тиісінше "уәкілетті орган", "уәкілетті органның", "уәкілетті органды", "уәкілетті органға" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 1 - б а п т а :

3) тармақша "құжат" деген сөздің алдынан "стандарттау жөніндегі" деген сөздермен толықтырылсын;

4) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"4) стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттардың міндетті талаптарының сақталуын мемлекеттік қадағалау - стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі уәкілетті орган мен оның аумақтық бөлімшелерінің міндетті талаптардың бұзылу фактілерін анықтауға, олардың жолын кесуге, оларды жоюға бағытталған қызметі ; "

5) тармақша алып тасталсын;

6) тармақшадағы "стандарттау саласындағы" деген сөздерден кейін ", оның ішінде өнімді каталогтау саласындағы" деген сөздермен толықтырылсын;

7) тармақшадағы "міндетті және (немесе) ұсынылатын талаптардан тұратын және" деген сөздер алып тасталсын;

10) тармақшадағы "міндетті және (немесе) ұсынылатын талаптардан тұратын және" деген сөздер алып тасталсын;

15) тармақшадағы "уәкілетті мемлекеттік басқару органы бекіткен", "және тұтынушылардың қалың көпшілігінің қолы жетімді" деген сөздер алып тасталсын; мынадай мазмұндағы 18-1) және 23-1) тармақшалармен толықтырылсын:

"18-1) салалық стандарт - салалық маңызы бар өнімдерге, процестер (жұмыстар) мен қызмет көрсетулерге қойылатын талаптары бар стандарт";

"23-1) өнімді каталогтау жүйесі өндірілетін өнімнің сипаттамалары мен дайындаушылары туралы белгіленген тәртіппен ақпарат жинауды және беруді қамтамасыз ететін ұйымдастырушылық-техникалық жүйе";

25) тармақшадағы "стандарттау, метрология және сертификаттау жөнінде танылған орган бекіткен" деген сөздер алып тасталсын;

27) тармақша "нормативтік құжат" деген сөздердің алдынан "стандарттау жөніндегі" деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы 29-1) және 31) тармақшалармен толықтырылсын:

"29-1) стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі уәкілетті орган - стандарттау, метрология, сертификаттау және тіркеу жөніндегі жұмыстарды басқаруды жүзеге асыратын мемлекеттік орган;"

"31) стандарттау жөніндегі сарапшы-аудитор - стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі уәкілетті орган белгілеген тәртіппен стандарттау саласында жұмыстар жүргізу құқығына аттестатталған жеке тұлға.";

3) 4 - б а п т а :

тақырыбы "мақсаттары" деген сөзден кейін "мен принциптері" деген сөздермен толықтырылсын;

9) тармақша "көрсетулердің" деген сөзден кейін "қауіпсіздігі мен" деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Стандарттаудың негізгі принциптері:

1) к е л і с у ;

2) б ү к п е с і з д і к ;

3) е р і к т і л і к ;

4) отандық және шетелдік өндірушілер мен өнім берушілер үшін стандарттау саласындағы бірдей талаптар;

5) экономикалық қисындылық болып табылады.";

4) 6 - б а п т ы ң 2 - т а р м а ғ ы н д а :

1) тармақша "саласында" деген сөзден кейін "бірыңғай" деген сөзбен толықтырылсын;

4) тармақша "ұйымдастырады" деген сөзден кейін "және жүзеге асырады" деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы 10) және 11) тармақшалармен толықтырылсын:

"10) стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттардың мемлекеттік тілге және орыс тіліне аударылуын және олардың расталуын қамтамасыз етеді;

11) стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттардың стандарттар, халықаралық және аймақтық нормалар талаптарына сәйкестігіне сараптаманы жүзеге асыру тәртібін белгілейді.";

5) 7-бап "мемлекеттік орган стандарттау" деген сөздерден кейін "метрология, сертификаттау, сапаны басқару және аккредитациялау" деген сөздермен толықтырылсын;

6) 8-баптың 1) және 3) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

"1) стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі уәкілетті органнан, оның аумақтық бөлімшелерінен және ведомстволық бағыныстағы кәсіпорындарынан;"

"3) жеке және заңды тұлғалардан, оның ішінде стандарттау жөніндегі техникалық комитеттерден, сарапшы-аудиторлардан;"

7) 9 - б а п т а :

1-тармақ мынадай мазмұндағы 9) тармақшамен толықтырылсын:

"9) салалық стандарттар."

5 - т а р м а қ т а :

бірінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Осы баптың 1-тармағының 1), 2), 5)-9) тармақшаларында көрсетілген стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттар, оларға өзгерістер, сондай-ақ олардың күшін жою туралы шешімдер бекітілуге және тіркелуге жатады;"

екінші бөлік алып тасталсын;

8) 10-баптың 4-тармағындағы "уәкілетті" деген сөз алып тасталсын;

9) мынадай мазмұндағы 10-1-баппен толықтырылсын:

"10-1-бап. Салалық стандарттар

1. Салалық стандарттар салалық маңызы бар өнімге, процестер (жұмыстар) мен қызмет көрсетулерге әзірленеді және оларды мемлекеттік басқару органдары өз құзыреті шегінде бекітеді.

2. Салалық стандарттардың объектілері мен осы стандарттарды әзірлеу, келісу, тіркеу жөніндегі жалпы ережелерді стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі уәкілетті орган белгілейді.

3. Салалық стандарттардың түрлеріне, олардың объектілеріне, әзірлену және келісілу ерекшеліктеріне, бекіту тәртібіне қойылатын талаптарды өз құзыреті шегінде мемлекеттік басқару органдары белгілейді.

4. Салалық стандарттармен белгіленген нормалар және талаптар мемлекеттік, мемлекетаралық, халықаралық стандарттармен белгіленгеннен төмен болмауға тиіс."

10) 13-баптың 2-тармағы "бекітеді" деген сөзден кейін "және тіркейді" деген сөздермен толықтырылсын;

11) 15 - б а п т а :

1-тармақтың үшінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Халықаралық стандарттау жүйесі ережелеріне сәйкес, техникалық регламенттерге осы Заңға сәйкес құзыретіне міндетті талаптарды (құрылыс, санитарлық, фитосанитарлық және ветеринарлық нормалар мен ережелер, фармакопепялық баптар, өртке қарсы қауіпсіздік және төтенше жағдайлар, тау-кен қадағалау, атом, экологиялық және радиациялық қауіпсіздік, жолдардағы және көліктің барлық түріндегі қауіпсіздік нормалары мен ережелері және басқалар) белгілеу кіретін мемлекеттік басқару

органдары қабылдайтын стандарттау жөніндегі нормативтік құқықтық актілерді және нормативтік құжаттарды, міндетті талаптар бөлігінде мемлекетаралық және мемлекеттік стандарттарды жатқызу керек.";

2-тармақтың төртінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасында стандарттау жөніндегі мемлекетаралық нормативтік құжаттарды қолданысқа енгізуді стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі уәкілетті орган жүзеге асырады.";

12) 17-баптың 2-тармағы мынадай мазмұндағы 3) тармақшамен толықтырылсын:

"3) өнімді каталогтау жөніндегі ақпаратты қалыптастыруды, жүргізу мен беруді ұйымдастырады.";

13) мынадай мазмұндағы 17-1-баппен толықтырылсын:

"17-1-бап. Өнімді каталогтау жүйесі

1. Өнімді каталогтау жүйесі мемлекеттік стандарттау жүйесінің құрамдас бөлігі болып табылады, мемлекеттің, дайындаушылардың және тұтынушылардың мүдделері ү ш і н ж а с а л а д ы .

2. Каталогтауға Қазақстан Республикасының аумағында өндірілетін өнім жатады.";

14) 18-баптың 1-тармағының екінші бөлігінде "жатқызылған" деген сөз " жатқызылмаған" деген сөзбен ауыстырылсын;

15) 19-баптың 1-тармағында:

3) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"3) облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) және қалалардың стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттардың міндетті талаптарының сақталуын және өлшеу құралдарын қадағалау жөніндегі бас мемлекеттік инспекторы - стандарттау , метрология және сертификаттау жөніндегі уәкілетті органның аумақтық бөлімшесінің б а с ш ы с ы ; " ;

мынадай мазмұндағы 3-1) тармақшамен толықтырылсын:

"3-1) облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) және қалалардың стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттардың міндетті талаптарының сақталуын және өлшеу құралдарын қадағалау жөніндегі бас мемлекеттік инспекторының орынбасарлары - стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі уәкілетті органның аумақтық бөлімшелері бөлімдерінің басшылары;"

4) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"4) стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттардың міндетті талаптарының сақталуын және өлшеу құралдарын қадағалау жөніндегі мемлекеттік инспекторлар - стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі уәкілетті органның аумақтық бөлімшелері бөлімдерінің басшылары, барлық дәрежедегі мамандары.";

16) 21-бапта:

4) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"4) стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттардың міндетті талаптарына

сәйкестігін бақылау үшін сынақ (талдау, өлшеу) өткізуге өнімнің сынамалары мен үлгілерін іріктеу ісін жүргізуге;" ;

7) тармақша "сәйкестік сертификатынсыз" деген сөздерден кейін "(сәйкестік сертификатының көшірмелерінсіз) және (немесе) сәйкестік таңбаларынсыз немесе сәйкестігі туралы декларацияларсыз (сәйкестігі туралы декларациялар көшірмелерінсіз)" деген сөздермен толықтырылсын;

17) 23-баптың 1-тармағы 2) тармақшасының үшінші абзацы "сәйкестік сертификатының" деген сөздерден кейін "(сәйкестік сертификатының көшірмелері) және (немесе) сәйкестік таңбалары немесе сәйкестігі туралы декларациялары (сәйкестігі туралы декларациялар көшірмелері)" деген сөздермен толықтырылсын;

18) 25-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"25-бап. Қазақстан Республикасының стандарттау туралы заңдарын бұзғаны үшін жауаптылық

Қазақстан Республикасының стандарттау туралы заңдарын бұзған тұлғалар Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауапты болады." ;

19) 28-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"28-бап. Мемлекеттік стандарттау және мемлекеттік қадағалау жөніндегі жұмыстарды қаржыландыру

1. Республикалық бюджет қаражаты есебінен:

1) стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі уәкілетті орган мен оның аумақтық бөлімшелерін ұстауға және стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттардың міндетті талаптарының сақталуын мемлекеттік қадағалауды жүзеге асыруға арналған шығыстар ;

2) стандарттау, метрология және тіркеу саласындағы бағдарламалар;

3) өнімнің сынамалары мен үлгілерін сатып алу және олардың стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттардың міндетті талаптарына сәйкестігін сынау (талдау, өлшеу) ;

4) Қазақстан Республикасының стандарттау жөніндегі халықаралық, аймақтық және мемлекетаралық ұйымдарға мүшелік жарналар енгізуі мен қатысуы қаржыландырылады .

2. Осы баптың 1-тармағында көрсетілмеген стандарттау жөніндегі жұмыстар шарт негізінде орындалады."

2. "Сертификаттау туралы" 1999 жылғы 16 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1999 ж., N 20, 725-құжат; 2001 ж., N 1, 7-құжат; N 15-16, 231 құжат; N 23, 321-құжат):

1) Заңның бүкіл мәтіні бойынша "уәкілетті мемлекеттік орган", "уәкілетті мемлекеттік органның" деген сөздер тиісінше "уәкілетті орган", "уәкілетті органның" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 1 - б а п т а :

1), 12) және 13) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"1) тіркеу - стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі уәкілетті органның сертификаттау және тіркеу саласындағы жұмысты жүзеге асыруға ұйымның құқықтылығын ресми тануы;" ;

"12) сертификаттау жөніндегі нормативтік құжат (бұдан әрі - нормативтік құжат) - сертификаттау жөніндегі қызметтің алуан түрлеріне немесе оның нәтижелеріне қатысты нормаларды, ережелерді, сипаттамаларды, принциптерді белгілейтін, стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі уәкілетті орган Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен бекіткен құжат;

13) өнімді, процестерді, жұмыстарды, қызмет көрсетулерді сертификаттау жөніндегі орган - белгілі бір қызмет саласында сертификаттау жөніндегі жұмыстарды жүргізуге тіркелген заңды тұлға;" ;

мынадай мазмұндағы 13-1) тармақшамен толықтырылсын:

"13-1) тіркеу саласында консалтингтік қызмет көрсету жөніндегі ұйымдар - стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі уәкілетті орган белгілеген тәртіппен тіркелген, өнімді, процестерді, жұмыстарды, қызмет көрсетулерді сертификаттау жөніндегі органдарды және сынақ зертханаларын (орталықтарын) тіркеуге дайындау жөніндегі жұмыстарды жүргізетін заңды тұлғалар;" ;

16) тармақшада "мемлекеттік сертификаттау жүйесінің ережелері бойынша" деген сөздер "нормативтік құжаттардың талаптарына сәйкес" деген сөздермен ауыстырылсын ;

17) тармақша алып тасталсын ;

мынадай мазмұндағы 17-1) тармақшамен толықтырылсын:

"17-1) стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі уәкілетті орган - стандарттау, метрология, сертификаттау және тіркеу жөніндегі жұмыстарды басқаруды жүзеге асыратын мемлекеттік орган;" ;

3) 4-баптың 2-тармағы мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Өнімді, процестерді, жұмыстарды, қызмет көрсетулерді сертификаттау жөніндегі тіркелген органдар мен сынақ лабораториялары (орталықтар) тіркеу саласында консалтингтік қызметтер көрсетуге құқылы емес." ;

4) 5 - б а п т ы ң 1 - т а р м а ғ ы н д а :

екінші абзацта "мемлекеттік" деген сөз "уәкілетті" деген сөзбен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы бесінші және алтыншы абзацтармен толықтырылсын:

"Тіркеу саласында консалтингтік қызмет көрсету жөніндегі тіркелген ұйымдар; сертификаттау жөніндегі сарапшы-аудиторлар." ;

5) 6 - б а п т а :

тақырыбындағы "мемлекеттік" деген сөз "уәкілетті" деген сөзбен ауыстырылсын;

1 - т а р м а қ т а :

бірінші абзацтағы "мемлекеттік" деген сөз "уәкілетті" деген сөзбен ауыстырылсын;
үшінші абзац "саласында" деген сөзден кейін "бірыңғай" деген сөзбен
т о л ы қ т ы р ы л с ы н ;

бесінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"мемлекеттік сертификаттау жүйесінде ұйымдарды сертификаттау, сертификаттау
сынақтары, тіркеу саласында консалтингтік қызмет көрсету жөніндегі жұмыстарды
ж ү р г і з у қ ұ қ ы ғ ы н а т і р к е у ; " ;

жетінші абзац "ұйымдастыру" деген сөзден кейін "және жүзеге асыру" деген
с ө з д е р м е н т о л ы қ т ы р ы л с ы н ;

мынадай мазмұндағы оныншы абзацпен толықтырылсын:

"зертханааралық салыстырма сынақтар (салыстырулар) жөніндегі жұмыстарды
ұ й ы м д а с т ы р у . " ;

2-тармақтың бірінші абзацындағы "мемлекеттік" деген сөз "уәкілетті" деген сөзбен
ауыстырылсын;

6) 7-баптың 1-тармағының бірінші бөлігіндегі "мемлекеттік" деген сөз "уәкілетті"
деген сөзбен ауыстырылсын;

7) 8-баптың 2-тармағындағы "мемлекеттік" деген сөз "уәкілетті" деген сөзбен
ауыстырылсын;

8) 1 4 - б а п т а :

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"14-бап. Нормативтік құжаттардың міндетті талаптарының
сақталуын және сертификатталған өнімнің сапасын
мемлекеттік қадағалау";

1-тармақта "Сертификаттау ережелерінің сақталуына," деген сөздер "Нормативтік
құжаттардың міндетті талаптарының сақталуына және" деген сөздермен
а у ы с т ы р ы л с ы н ;

2-тармақ алып тасталсын;

9) 1 6 - б а п т а :

бірінші абзац "қызмет көрсетулердің" деген сөздерден кейін "қауіпсіздігіне және"
деген сөздермен толықтырылсын;

екінші және үшінші абзацтардағы "сапасын" және "сапасына" деген сөздер тиісінше
"қауіпсіздігін және сапасын", "қауіпсіздігіне және сапасына" деген сөздермен
а у ы с т ы р ы л с ы н ;

төртінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"өнімнің нормативтік құжаттардың міндетті талаптарына сәйкестігін бақылау үшін
оның сынамалары мен үлгілерін іріктеу ісін жүргізуге;"

10) 18-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"18-бап. Сертификаттау жөніндегі жұмыстарды қаржыландыру

1. Республикалық бюджет қаражаты есебінен:

1) стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі уәкілетті органды және оның мемлекеттік қадағалау жөніндегі аумақтық бөлімшелерін ұстауға арналған шығыстар ;

2) сертификаттау жөніндегі органдарды және сынақ зертханаларын (орталықтарын) тіркеу жөніндегі жұмыстарды, сондай-ақ зертханааралық салыстырма сынақтар (салыстырулар) жөніндегі жұмыстарды жүзеге асыруға арналған шығыстар;

3) сапа және сертификаттау саласындағы бағдарламалар;

4) Қазақстан Республикасының тіркеу және сапаны басқару жөніндегі халықаралық ұйымдарға мүшелік жарналар енгізуі мен қатысуы қаржыландырылады.

2. Осы Заңмен көзделген және осы баптың 1-тармағында көрсетілмеген мемлекеттік сертификаттау жүйесіндегі жұмыстар шарт негізінде орындалады.";

11) 19-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"19-бап. Қазақстан Республикасының сертификаттау туралы заңдарын бұзғаны үшін жауаптылық

Қазақстан Республикасының сертификаттау туралы заңдарын бұзған тұлғалар Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауапты болады."

2-бап. Осы Заң, 2004 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін 1-баптың 1-тармағының 19) тармақшасын және 2-тармағының 10) тармақшасын қоспағанда, ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті